

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 61 бөбекжайы» КМҚК

**2023-2024 оқу жылы бойынша «Қамқоршылық кеңес»
жұмысының қорытындысы.**

2023-2024 оқу жылының «Қамқоршылық кеңес» жұмыс құрамына 7 адам тағайындалды. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары құрылды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы бойынша ұсыныстар қабылданып, негізгі бағыттары талқыланып отырылды. Жыл бойы жұмыс жоспарына ұсыныстар тыңдалды.

Қамқоршылық жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүделі мемлекеттік және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасалынды. Оқу жылы бойы көп балалы отбасының тамақтану құны 50% жеңілдікпен мемлекет есебінен тамақтандырылды. Хаттамалар рәсімделініп, Білім саласындағы жергілікті атқарушы органдарға және бөбекжай бақшаның сайтында жарияланып отырылды. Бөбекжайдағы тамақтану нормаларының қамтылуы мен сапасын бағалау туралы, балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда және төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін сақтауларына кездесулер ұйымдастырылды. Осыған байланысты ата-аналарға мұздағы қауіпсіздік шараларын сақтау; көктемгі мұздің қауіптілігіне және су тасқындарына әрекеттер туралы жаднамалар таратылды.

28.12. 2023 ж № 587 қаулысы негізінде ата-аналық төлемақының мөлшері 2024 жылғы 03 қаңтардан 3 жасқа дейінгі балалар үшін- 18190т.; 3 жастан асқан балалар үшін-21380 теңгені құрайтындығы жеткізген болатын. Бағаның қымбаттауына азық-түлік бағасының өсуі себеп болып тұрғаны сол кезде айтылып өтілді. Әр жас ерекшелік ата-аналарына танысу үшін тізіммен қол қою арқылы келісімдер берілді. Бөбекжайымызда баланың тамақтану сапасын бақылау үнемі болып тұрды. Тәрбиешілер мен мамандардың да бірлескен кеңестері беріп отырды. Мерекелік іс-шараларды өткізуге дайындыққа топтар мен учаскелік безендендіруге көмек ұйымдастырылып тұрды. Мамыр айында бөбекжай-бақша ауласына жаңарту енгізіліп, көріп тамашалауға арналған заттармен толықтырылды. Әр топтардың учаскелеріне құм әкелініп, көгалдандырылу қайырымдылық жұмыстары жүргізілді. Участкілерді көгалдандыруға демеушілік жасаған ата-аналар болды. Жыл сонында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, өркендеуіне зор үлес қосқан үшін ата-аналарды «Алғыс хат»; «Мадақтама» бөбекжай меңгерушісі атынан ұсынылып, марапатталды.